

ӘОЖ 372.882

ГТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.035>

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫ: АЯГҮЛ МАНТАЙ ӘНГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

*Мубарак Н.Е.¹, Кенжан А.²

*^{1,2} Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орындарының филология бағытындағы білім беру үдерісінде кең қолданылатын, әрі әдебиеттану шеңберінде тиімділігі дәлелденген тәсілдер қарастырылады. Қазақ әдебиетіндегі, әсіресе тәуелсіздік кезеңіндегі әйел жазушылар прозасы зерттеу нысанына алынып, олардың көркемдік ізденістері мен шығармашылық ерекшеліктері зерделенеді. Проза жанрын талдау барысында әдеби үдерістегі жаңашылдықтар мен тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктерге назар аударылады.

Қазіргі әдебиеттану негізінде әңгіме жанрын ғылыми тұрғыда талдау, жазушылардың көркемдік концепциясын айқындау көзделеді. Мақаланың мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі әйел жазушылар прозасының әдеби кеңістіктегі маңызын ашып көрсету және олардың шығармалары арқылы қазіргі қазақ прозасының даму бағыттарын айқындау.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – прозалық мәтіндерге талдау жасау арқылы жаңа тұжырымдар ұсыну болса, тәжірибелік мәні – зерттеу нәтижелерін әдебиеттанушылар, магистранттар мен докторанттар өз еңбектерінде пайдалана алады.

Аягүл Мантай шығармашылығындағы ерекше сипаттар мен көркемдік айшықтарды талдау арқылы қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары мен жанрлық-мазмұндық өзгерістерін аңғаруға болады.

Тақырыпты ашу барысында келесі зерттеу тәсілдері қолданылды: теориялық және типологиялық талдау, тарихи-әдеби көзқарас, интерпретация. Жазушы әңгімелерін тақырыптық және көркемдік тұрғыдан саралау арқылы олардың қазақ прозасындағы орны мен маңызын айқындауға болады. Аягүл Мантай шығармалары – қазақ қоғамындағы тұрмыс пен қала өмірінің тоғысқан тұстарын бейнелейтін, автордың жеке шығармашылық ойлау жүйесі арқылы көрініс тапқан туындылар. Прозалық мәтіндердің ерекшелігі де осындай шынайылық пен көркемдік тұтастықта жатыр.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы – жазушы прозасындағы көркемдік жүйені саралау арқылы қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағыттарына жаңа қырынан баға беруінде. Әдеби талдауға негізделген ғылыми тұжырымдар әңгіме жанрына қатысты жаңа бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ прозасын зерттейтін филолог-ғалымдар мен әдебиеттанушылар үшін маңызды дереккөз бола алады.

Тірек сөздер: Көркем шығарма, әдеби талдау, әңгіме жанрын ғылыми зерделеу, тәуелсіздік кезеңі, Аягүл Мантай, көркемдік ерекшеліктер, әйел жазушылар, қазақ прозасы

Кіріспе

Қазіргі уақытта проза жанры өз дамуын қарқынды түрде жалғастыруда, әдебиет жаңа тақырыптар мен оқырмандардың қызығушылықтарын тапқандай. Қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістер мен жаңа технологиялардың әсері адам психологиясын терең зерттеуді қажет етеді. Дәлірек айтқанда, қазіргі заман адамының рухани және психологиялық дүниесі оның қоғамдық және технологиялық ортасына тәуелді болып барады. Әдебиет адам өмірінің өзегі бола отырып, оның жан дүниесін, психологиялық күйін ашуға ерекше ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ прозасы өз жаңашылдығымен, өзіндік үнінен айырылып қалмай, қоғамның жаңарып жатқан рухани және мәдени қажеттіліктеріне жауап беріп отыр.

Қазіргі қазақ жазбаша әдебиеті тәуелсіздік алған кезеңнен бастап өзінің жаңа бағыттары мен әдістерімен ерекшелене бастады. Әдебиетте жаңа есімдер мен шығармашылық құбылыстар, оларды уақыт талаптарына сай жаңа өрістерде зерттеу қажеттілігі туындады. Бұл үдеріс қазақ прозасының терең әлеуметтік және психологиялық мәселелерді қозғай отырып, көркемдік тұрғыдан да өзіндік бір із қалдыруына мүмкіндік туғызды. Бүгінгі күні жаңа көзқарастар мен тәжірибелерге негізделген шығармалар қазақ әдебиетінің жаңа кезеңін айқындайды. Мысалы, Аягүл Мантайдың әңгімелері қоғамдағы өзгерістерді терең психологиялық тұрғыдан бейнелеуімен ерекшеленеді.

Қазіргі қазақ прозасындағы психология мен әлеуметтік тақырыптар көбінесе тұтастық пен ерекшелік, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы өзара байланыстарды ашуға бағытталған. Осы орайда, Аягүл Мантайдың шығармалары бұл мәселені жан-жақты әрі терең түрде қарастырып, оқырманды қоғамдық өзгерістер мен адамның ішкі дүниесі арасындағы үйлесімділікті түсінуге шақырады. Жазушының әңгімелерінде адам психологиясы, оның ішкі әлемі мен әлеуметтік орта арасындағы байланысты көркем тілмен жеткізу үдерісі айқын көрінеді.

Қазіргі қазақ прозасы, әсіресе Аягүл Мантай шығармашылығы, әдебиетіміздің өзекті мәселелерін көтеріп, психологиялық және әлеуметтік шындықтарды көркем тілде бейнелеуде маңызды рөл атқарады. Мантайдың әңгімелері тек әлеуметтік өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі әлеміндегі терең құбылыстарды да көрсетеді. Оның шығармалары

арқылы қазақ әдебиетінде психология мен әлеуметтік тақырыптар бір-бірімен тығыз байланысып, жаңа мазмұнға ие болып отыр.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – Аягүл Мантай әңгімелерінде көрініс тапқан адам психологиясы мен қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің арақатынасын талдай отырып, оны жоғары оқу орындарында білім алушыларға жеткізу жолдарын қарастыру. Қазіргі жастарға психологиялық әдебиет пен қоғамдық өзгерістерді терең түсіндіру үшін, қазақ әдебиетінің осы бағытта жеткен жетістіктері мен қазіргі кезеңде актуалды болып табылатын мәселелерді қамту маңызды. Мантай шығармалары арқылы студенттерге қоғамдық сананың өзгеруінің адам психологиясына әсерін түсіндіру, шығармашылық туындылардың ішкі мәнін ашу – зерттеу жұмысының негізгі міндеті болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Әңгіме жанрын талдаған кезде, А.Байтұрсынұлының мақаласында «Жалғыз әліпби үйретудің өзінде толып жатқан зерттеу тәсілдері бар. Сол зерттеу тәсілдерін өзінше өзгертіп қолданған түрлерін айтар болсақ, зертеу тәсілдерін түгелдей алмас едік» [2, 58-б.] деген пікірі маңызды. Бұл пікір қазақ әдебиетінің әртүрлі жанрларын зерттеу мен талдауда уақыт пен қажеттілікке сай өзгеріп отыратынын көрсетеді. Әдеби шығармаларды талдау және зерттеу, сондай-ақ олардың ішкі құрылымын түсіну, шығарманың терең мазмұнын ашуға бағытталған.

Қазіргі әдебиеттануда жанрлардың дамуы, оның ішінде қазақ прозасының әртүрлі түрлері, атап айтқанда роман, әңгіме және шағын повесть жанрлары айқын көрінеді. Тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиетінде жаңа есімдер мен жаңа шығармашылық туындылар пайда болды. Бұл шығармалар қазақ прозасының дамуында маңызды орын алады, оның ішінде Аягүл Мантайдың әңгімелері ерекше шығармашылық үлгі болып табылады. Мантай шығармашылығы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қазіргі заманның өзекті мәселелерін көтереді және терең ой тудырады.

Бұл жұмыстың мақсаты – Аягүл Мантайдың әңгімелерін зерттей отырып, шығармалардың терең мазмұны мен идеяларын ашып көрсету. Әңгімелердің тақырыбы мен идеясы қазіргі жастар үшін түсінікті әрі жеңіл болғанымен, олардың терең әлеуметтік-қоғамдық аспектілерін түсіну үшін әдебиеттанулық талдау жүргізу маңызды.

Аягүл Мантайдың шығармалары шынайы өмірдің түрлі аспектілерін қамтиды, әсіресе ауыл мен қала өмірінің арасындағы айырмашылықтарды айқындайды. Әңгімелердің басым бөлігі жеке адамның ішкі әлемін, оның қоғаммен және айналасымен қарым-қатынасын зерттеуге арналған. Бұл шығармалар жастардың ой-санасын кеңейтуге және әлеуметтік мәселелерді терең түсінуге ықпал етеді.

Қазақ прозасын зерттеуде қолданылатын тәсілдер бірнеше түрге бөлінеді:

- **Эвристикалық тәсіл:** Бұл тәсіл шығарманың ішкі мазмұнын және идеясын ашуға бағытталған. Шығарманың терең мәнін студенттердің өз бетінше іздеуіне мүмкіндік береді.

- **Ізденістік тәсіл:** Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Олар шығарманың мазмұнын талдаумен қатар, оны өз тәжірибелерімен салыстырып, жаңа көзқарастар қалыптастырады.

- **Репродуктивтік тәсіл:** Шығарманың мазмұнын толық түсініп, студенттер өз білімдері арқылы оны қайта жеткізеді.

- **Продуктивтік тәсіл:** Студенттер шығармашылық жұмыстар арқылы жаңа идеялар мен тұжырымдар жасайды.

- **Шығармашылық тәсіл:** Шығарма мәтінін жан-жақты зерттеу арқылы студенттер өзіндік пікір қалыптастырады.

Аягүл Мантайдың прозалық шығармаларын әдеби тұрғыда талдау олардың тақырыптық құрылымы мен көркемдік ерекшеліктерін терең зерделеуге мүмкіндік береді. Өңгімелерді талдау барысында студенттер тек мазмұндық деңгеймен шектелмей, шығарма идеясы, тақырыбы және автор қолданған көркемдік құралдарды да саралайды. Бұл бағытта авторлық стиль, символика және үндестік сияқты элементтерге ерекше назар аударылады.

Зерттеу жұмысы мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

1. Аягүл Мантай шығармаларының мазмұнын толық оқып, өзара салыстырмалы талдау жасау;

2. Өңгіме тақырыптарын жүйелеп, әр топқа тән мысалдар келтіру;

3. Мәтіндерден көркемдік үндестік пен символиканы анықтау және оларды әдеби талдау барысында негіз ету;

4. Жазушы шығармаларындағы тақырыптық және көркемдік ерекшеліктердің оқырман қабылдауына ықпалын бағалау.

Мантай прозасын терең зерделеу арқылы қазіргі қазақ прозасындағы бағыт-бағдарлар мен рухани-эстетикалық ізденістерді айқындауға болады. Бұл шығармаларда автор тек оқиғаларды баяндап қана қоймай, адамның ішкі әлемін, әлеуметтік орта мен жеке тұлға арасындағы қатынастарды көркем бейнелеу арқылы көрсетеді. Әдеби тұрғыда мұндай мәтіндер психологиялық талдауға да сұранып тұр, өйткені онда автордың көзқарасы, идеясы, әлемге деген қатынасы көркемдік деңгейде ашылады.

Аягүл Мантайдың шығармашылығы қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар және оны талдаудағы маңызды мәселелердің бірі – автордың қоғамды терең түсініп, әлеуметтік және психологиялық тақырыптарды шебер қозғай білуінде. 2009 жылы жарық көрген «Жаңбырлы көктем» әңгімелер жинағы – оның әдебиеттегі басты жетістіктерінің бірі болып табылады. Бұл жинақта автордың дүниетанымы, көркемдік көзқарасы және қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты ой-пікірлері көрініс тапқан.

Әңгімелердің тақырыбы, жазушының таңдаған мекені, қалықтап жүрген уақыт пен қоршаған орта – бәрі өзара тығыз байланыста. Бұл аспектілердің барлығы А.Мантайдың әңгіме жанрына өзіндік жаңаша леп қосқанының айқын дәлелі болып табылады.

Жазушының әңгімелерінде бейнеленетін тақырыптар, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен ішкі әлемі, символика мен философия – бәрі де жан-жақты зерделеуді талап етеді. Мантайдың шығармалары кең көлемді, көпқабатты мәселелерді қозғайды, ал оның қарапайым әрі түсінікті тілмен жазылған туындылары студенттер мен оқырмандарға қолжетімді. Электронды нұсқаларының қолда болуы да оқырманға шығармаларды оңай оқуға мүмкіндік береді. Әңгімелердің мазмұны терең болса да, оларды оқуға ыңғайлы әрі талдауға өте тиімді. Бұл ерекшеліктер Мантай шығармаларын тек оқып қана қоймай, оларды ой елегінен өткізіп, жаңа идеялар мен тұжырымдарға жетуге ықпал етеді.

Қаламгердің шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – оның шығармаларының мистика мен иллюзияға толы болуы. Бұл элементтер оқырманды бейжай қалдырмайды, керісінше, олардың қиялына қанат бітіріп, терең ойларға жетелейді. Аягүл Мантай әңгімелері жас ұрпаққа шығармашылық қиял мен идеяларды бағалауды үйретуге және әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыруға көмектеседі.

Қазіргі оқырман, әсіресе жас буын, кітап оқудан гөрі ақпараттық технологияларды қолдануға бейімделген. Дегенмен, әңгіме – адамның жан дүниесіне терең үңілуге мүмкіндік беретін бірден-бір құрал. Әңгімелер арқылы адам өмірінің шындығы мен оны түсінудің әртүрлі жолдары жайлы жаңа ойлар мен көзқарастарды ашуға болады. Әсіресе, Мантайдың шығармаларының басты ерекшелігі де осында: олар оқырманды тек қана ақпаратпен қанағаттандырмай, терең философиялық және психологиялық ойларға жетелейді. Мантайдың шығармашылығы қазақ әдебиетінде оқырманның ой-пікірін жаңа қырынан аша алатын туындылар қатарына жатады.

Жалпы, Аягүл Мантайдың әңгімелері – тек әдебиеттегі көркем шығармалар емес, ол әлеуметтік, философиялық тұрғыдан да аса маңызды туындылар болып табылады. Бұл әңгімелер студенттер мен оқырмандардың рухани дүниесіне ықпал етіп, олардың танымдық деңгейін көтеруге септігін тигізеді.

Нәтижелер және талқылау

Жазу – бұл тек ойды жеткізу тәсілі ғана емес, сонымен қатар шығарманың әр элементін терең әрі жан-жақты игеріп, көркемдік тұтастыққа жеткізуге бағытталған күрделі шығармашылық процесс. Әңгіме жанрының маңызы әсіресе тәуелсіздік кезеңінде айқын көрінді. Өйткені бұл кезең жазушыларға сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндік беріп, қазақ

прозасында жаңа бағыттардың қалыптасуына жол ашты. Еркін ой мен көркемдік ізденіс негізінде туған туындылар ұлттық әдебиеттің жаңаша тынысын танытады.

Аягүл Мантайдың прозалық шығармалары қазіргі жастарға етене таныс және өзекті тақырыптарды қозғайды. Оның әңгімелерінде адамның табиғаты, ішкі сенімі, тағдыры мен сезім әлемі, өмірдің мәні мен махаббаттың философиялық қырлары бейнеленеді. Бұл туындыларда шынайы өмірдің терең мәні көркем образдар арқылы ашылады. Әңгімелердің мазмұны мен тақырыптары оқырманды ойлануға итермелеп, оны ішкі рухани ізденіске жетелейді.

Мантай прозасына тән ерекшелік – автордың заманауи адам мен қоғам арасындағы байланысты нәзік психологиялық иірімдер арқылы беруі. Ол кейіпкердің ішкі жан дүниесін, рухани арпалысын көркемдік тәсілдермен жеткізе отырып, оқырманды бейжай қалдырмайды. Әрбір шығармада адамның ішкі әлемі мен сыртқы шындық арасындағы тартыс, сенім мен үміт, жалғыздық пен үйлесім мәселелері терең көрініс табады.



Сурет 1 – А.Мантайдың біз қарастырған әңгімелері

«Соқыр сана» әңгімесі А.Мантайдың ерекше шығармаларының бірі болып табылады. Автор бұл әңгімеде қоғамдағы әлеуметтік және моральдық мәселелерді сыни көзқараспен қарастырады. Әңгіме арқылы ол өзі қойған сұраққа жауап береді, сананың соқырлығы, адамның ішкі және сыртқы әлемінің кедейленуі туралы ойларын білдіреді. Әңгіме жазушының өмірден алынған шынайы мысалдар арқылы жан мен тәннің Алланың аманаты екенін дәлелдеп көрсетеді. Қаламгердің стильдік ерекшелігі оның ойларын нақты әрі дәлелді түрде өмірден алынған мысалдармен баяндауында.

Кесте 1. А.Мантайдың «Соқыр сана» әңгімесінен алынған үзінділер

«Соқыр сана» әңгімесінен мысалдар	Үзіндіге автор берген тіркес
«Байғұс-ай адамдар саған өнерің үшін емес, мүгедектігің үшін ақша тастайды, бақырмашы.»	Бақырған бақа дауыс
«Құдай менің көзімді алып, жанымды нұрмен бөлеген.»	Тіршілік таразысы
«Тағдырым жымыып қарамаса да, мен өмірге күліп қарағым келеді.»	Өмірді сүйем
«Бұлай кедейшілікте өмір сүргенше, өліп қалғаным жақсы еді.»	Денем тітіркеніп
«Мейірімге қанып өскен балалар мына әлемге махаббатпен қарайды.»	Өмір сүру ережесі
«Өзіме өзім гүл сыйлап, сезімдерімді алдағым келмейді. Өз сезімдерімен ойнаған адамның махаббатта жолы болмайды.»	Оны суықтан қорғағым келді

А.Мантайдың «Бөтен» әңгімесі Мәскеуде болған оқиғаларды баяндайды және автор қазақы таным-түсінікпен әйел адамға тән нәзік болмысты ашып көрсетеді. Бұл әңгімеде автор өз кейіпкерінің ішкі дүниесін, махаббат пен сенім мәселелерін талдайды. Қыздың қоғаммен байланысқа түсуіндегі қорқыныштары, өзінің жеке өмірін қалыптастырудағы қиындықтары жазушының шеберлігімен терең бейнеленген.

Кесте 2. А.Мантайдың «Бөтен» әңгімесінен алынған үзінділер

«Бөтен» әңгімесінен мысалдар	Үзіндіге автор берген тіркес
«Жаным құлазып, өзіммен өзім қалғым келді»	Менің қоғамым емес
«Ұсақ-түйек өтірікке аузымды былғағым келмейді»	Ар мен ұят тұтқыны
«Сізбен кездескім келмейді, біз тым бөтенбіз»	Бөтен сезінем
«Шындығым» тым дөрекі һәм мәдениеттің өлшеміне сыймайтынын білдім де, бұл ойымнан қайттым.»	Сіз тым бөтенсіз
Адамдарға ұнамай калудан қорқатын	Құрбандыққа шалу
«Түйсігіммен сезгенде жүйкемнің талшықтары сыр бере бастады.»	Тым суықсың

«Қарғыс» әңгімесінде А.Мантай адам тағдыры мен өмірдің мәні туралы философиялық ойларды терең қозғайды. Ол өмірдің қиындықтарын қабылдау, оларға тағдыр сыйы ретінде қарау қажеттігін көрсетеді. Қаламгердің пікірінше, адам өз тағдырын емес, өзін-өзі жеңуі керек, бұл өмірге деген оң көзқарастың маңызды екенін дәлелдейді.

Кесте 3. А.Мантайдың «Қарғыс» әңгімесінен алынған үзінділер

«Қарғыс» әңгімесінен мысалдар	Үзіндіге автор берген тіркес
«Тағдырды емес, өзін-өзі жеңуге талпыну керек.»	Тағдырға сенім
«Біз ешқашан тағдырды таңдай алмаймыз: қандай үйде тұратынымызды, қандай машина мінетінімізді, қандай көйлек киетінімізді, тамақ ішетінімізді таңдай алсақ, алармыз, бірақ тағдырымызды таңдай алмаймыз.»	Тағдырға көну
«Біз ешқашан өзімізде барды бағалай алмаймыз, «бар» көз алдымызда «жоққа» айналған кезде ғана оның қадірін түсінеміз.»	Бағамдау
«Біреудің тағдырын талқылап отырып, моральдық вампирдің рөлін ойнаймыз.»	Депрессияға түсу
«Иманды арттырмай, мына өмірден мән табу қиын.»	Шайтанның арбауы

А.Мантайдың «Иллюзия» әңгімесінде екі адамның (ер мен әйелдің) арасындағы диалог негізгі орын алады. Әңгімеде түсінісу, жүрек балансын сақтау, қиял, ерік-жігер, кешірім туралы ойлар терең талданып, автор ішкі сырды екі кейіпкер арқылы ашып көрсетеді. Әңгімеде автор адамның ішкі дүниесін, рухани даму мен ізгілікті терең қозғаған. Мәселен, бір диалогта кейіпкер былай дейді:

«Жүректегі балансты сақтау – иманға, адамның сеніміне байланысты. Мына өмірде ізгілік жасай алмасаң да, адамдарды жақсы көру керек. Адамды бүкіл кемшілігімен сүйіп, кешіру арқылы Құдайға жақындауға болады... Адамдарды жек көретін пенделерден мен қатты қорқамын. Олар зұлымдық жасауға қабілетті. Біреуді ұнату, жақсы көру, сүю – ол қылмыс емес. Әлемді ізгілік, мейірімділік, Құдайға деген махаббат құтқарады.»

Бұл ойлар арқылы автор адам болмысының тереңіне үңіледі, адамның ішкі жан-дүниесі мен сенімінің маңызын ашады. Әңгімеде сондай-ақ адамның өз «Мендігін» өзге «Мендіктерден» жоғары қойып, өзара күрес жүргізу, жеңіс пен жеңіліс сынды философиялық ойлар да орынды түрде қарастырылған.

Кесте 4. А.Мантай «Иллюзия» әңгімесінен алынған үзінділер

«Иллюзия» әңгімесінен мысалдар	Үзіндіге автор берген тіркес
Сен күнәһар емессің, сен – өз қиялыңның құрбанысың.	Жоғалту
Маған өзімнің жандүниемдегі арпалысты жеңу ғана маңызды.	Күресу
Біздің ғасыр – депрессия ғасыры, бірақ романтиктердің ғасыры емес. Қиялмен өмір сүру адамды Құдайдан алыстатады.	Иллюзия
Кешірім – ізгіліктің алғашқы баспалдағы.	Кешіре білу

Өзіңді өзіңнен босат. Сонда ғана сен ешкімнің құрбандығы емес екенінді, өзіңнің құрбандығың - өзің екенін сезесің.	Өмір – сен.
Өз сәтсіздігімен бақыт табуға тырысам	Сәтсіздік – қуаныш.

А. Мантайдың әңгімелерінде жан мен рухтың ішкі әлемі ерекше көркемдікпен бейнеленеді. Кейіпкерлердің психологиялық арпалысы мен олардың сыртқы ортамен байланысы — прозалық мәтіндердің негізгі өзегін құрайтын тұстардың бірі. Бұл аспектілер көркемдік жүйені талдауда, автордың идеялық-эстетикалық ұстанымын ашуда маңызды орын алады.

Әңгімелердегі философиялық тереңдік, стильдік даралық пен ішкі мазмұн тұтастығы – қазіргі қазақ прозасының көркемдік деңгейін айқындайтын белгілер қатарында. Автор қолданған баяндау тәсілдері мен тілдік құралдар мәтіндегі эмоционалды-философиялық жүктемені арттырып, шығарманың жанрлық табиғатын даралайды.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында көркем мәтінді саралауда аналитикалық және интерпретациялық тәсілдердің алатын орны ерекше. Әдеби шығарманы, оның ішінде әңгіме жанрын зерттеу барысында проблемалық талдау, сұхбаттық құрылымдағы пайымдау, және салыстырмалы көзқарас секілді тәсілдер шығарманың терең мазмұндық қабаттарын ашуға мүмкіндік береді.

Аягүл Мантай прозасын филологиялық тұрғыда зерттеу барысында мынадай сұрақтарға назар аудару өзекті болмақ: автордың көркемдік әлемі қалай қалыптасады? Қазіргі заман адамының болмысын ашуда қандай бейнелеу құралдары қолданылады? Жазушы шығармаларындағы әлеуметтік-философиялық идеялар қандай көркемдік формалар арқылы көрініс табады?

Бұл бағыттағы зерттеу авторлық стильдің, композициялық құрылымның, тілдік және семантикалық өрнектердің мәнін ашуға негізделеді. Сонымен қатар, қазіргі қазақ прозасындағы жаңашылдықтар мен тенденцияларды анықтау үшін Мантай шығармашылығын кең контексте қарастыру маңызды.

1. Әңгіменің жанрлық сипаты қандай белгілер арқылы айқындалады?
2. Сюжеттік құрылым қандай тәсілдермен ұйымдастырылған?
3. Пейзаждық суреттеулердің шығармадағы көркемдік және мазмұндық рөлі қандай?
4. Шығарманың негізгі тақырыбы мен көтерілген мәселелері неге негізделген?
5. Мәтіндегі символдар мен метафоралар қандай мағыналық жүк арқалап тұр?

Қазақ прозасындағы әңгіме жанры – көркем мәтіннің құрылымын, мазмұнын, стильдік ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік беретін тиімді әдеби форма. Бұл жанр негізінде студенттердің мәтінді қабылдауын

арттыруға бағытталған түрлі талдау амалдары қолданылады. Мәселен, «Кейіпкерге хат» немесе «Бейнелер жұмбағы» сияқты оқырман мен кейіпкер арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтатын шығармашылық тапсырмалар арқылы мәтінге деген қызығушылық арта түседі. Әңгіме жанрының ықшам әрі мазмұнды табиғаты студенттерге оқуға жеңіл, бірақ терең танымдық қабілет қалыптастыруға себеп болады.

А.Мантайдың прозалық шығармалары қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанрлық және мазмұндық ізденістердің көрінісі ретінде назар аудартады. Оның әңгімелері философиялық мазмұнға, тілдік бейнелеу құралдарының нақтылығына және психологиялық тереңдікке ие. Жазушының көркем тілмен жеткізген идеялары студенттердің көркем мәтінді сезіну, түсіну және ой жүгірту қабілеттерін дамытады. Филологиялық талдау барысында шығарманың көркемдік құрылымы, стильдік ерекшеліктері мен идеялық мазмұнына назар аудару – оқырманның әдеби-көркем дүниетанымын кеңейтудің тиімді жолы.

А.Мантайдың «Иллюзия» әңгімесі - бұл ер мен әйел арасындағы диалог арқылы жүрек балансын сақтау, қиял, ерік-жігер және кешірім мәселелерін қозғайды. Автор екі кейіпкердің ішкі әлемі мен сезімдерін ашып, адамзаттың рухани болмысын тереңнен көрсетеді.

1. **Әңгімемен жұмыс істеу жолдары** – студенттердің шығарманы түсінуін тереңдету мақсатында түрлі танымдық тапсырмалар, сұхбат форматындағы талқылаулар, рөлдік әрекет үлгілері, пікір алмасулар мен мәтін бөліктері бойынша шығармашылық жұмыс жүргізіледі. Бұл бағыттар мәтінді көпқырлы тұрғыда қарастыруға мүмкіндік береді.

2. **Әңгімедегі негізгі идеялар** - Әңгіменің идеясы адамның жүрегіндегі баланс, кешірім, сәтсіздік пен қуаныштың арасындағы үйлесім мәселелерін қарастырады. Әңгіменің әр бөлігінен адамдық қасиеттер мен рухани ізгілікке деген ұмтылыс көрініс табады.

3. **Эвристикалық әңгімелесу** - бұл әдіс арқылы оқушылар шығарманы тереңірек талдап, өз пікірлерін айтуға ынталандырылады. Бұл әдіс шығарманың жанрлық сипаты, сюжеті, пейзаж суреттері мен тақырыптық ерекшеліктерін ашуға көмектеседі.

Мұндай әңгімелер оқушылардың шығарманы жан-жақты түсінуіне және талдауға дағдылануына мүмкіндік береді.

Қорытынды

Аягүл Мантайдың әңгімелерін жанрлық және көркемдік тұрғыдан талдау эпикалық мәтіндердің ішкі құрылымы мен идеялық өзегін терең түсінуге мүмкіндік береді. Прозалық шығармаларды зерделеу барысында тақырып пен идеяның өзара байланысы айқындалып, олардың тұтастықта көрінуі жазушы шеберлігінің көрінісі ретінде бағаланады. Бұл аспектілерді талдау арқылы шығарманың мазмұндық тереңдігі мен көркемдік табиғаты ашылады.

Жоғары оқу орындарында оқитын студенттер үшін әңгіме жанрын терең зерттеу және талдау дағдыларының қалыптасуы маңызды кезең болып табылады. Бұл өз кезегінде олардың өз ойларын анық әрі тұжырымды түрде жеткізу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Эпикалық шығарма ретінде әңгіме мәтінінің негізгі деңгейлерін түсіну, тақырыптың мәнін ұғыну, идеяның құрылымы мен оның әдеби контекстіндегі орнын анықтау мәселелерін қарастыру студенттерге шығарманы жан-жақты әрі тереңірек талдауға ықпал етеді.

Әңгіме жанрының ерекшеліктері мен құрылымын зерттеу барысында авторлық ұстаным мен талдау тәсілдері қысқа прозалық мәтіннің көркемдік табиғатын ашудың тиімді жолы ретінде қарастырылады. Бұл жанрдың поэтикасын зерделеу — сюжеттік құрылым, баяндау формасы, кейіпкер табиғаты мен көркемдік детальдар жүйесі арқылы жүзеге асады.

Әңгіме көлемінің ықшамдылығы оның идеялық және мазмұндық өзегін нақты әрі жинақы жеткізуге мүмкіндік береді. Осы сипат оның құрылымдық элементтерін (экспозиция, шарықтау шегі, шешім) айқын талдауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл жанр арқылы көркем мәтіндегі астарлы мағына, символдық мән мен философиялық тереңдікке назар аударуға болады.

Аягүл Мантай шығармалары – заманауи прозадағы әлеуметтік-психологиялық иірімдерді бейнелейтін қысқа прозаның көрнекті үлгісі. Оның әңгімелері көркем бейнелеу құралдары арқылы адамның ішкі әлемін, рухани күйзелісі мен әлеуметтік ортамен байланысын шебер ашады. Бұл мәтіндердегі көркемдік шешім мен идеялық мазмұн қазіргі қазақ прозасының көркемдік-эстетикалық ізденістерін танытады.

Осы жұмыста қарастырылған А.Мантайдың әңгіме жанры тек біржақты оқып, талданып біткен дүние емес. Әңгімелердің әрқайсысы өз оқырманына жаңашылдық пен шынайылықтың терең қырларын ашып, олардың батылдық пен ашықтықты ұғынуына мүмкіндік береді. Жаңашылдыққа жаны құмар қазіргі буын үшін А.Мантайдың шығармалары шынайы өмір мен адамдық болмыс туралы терең түсінік береді. Бұл шығармалар арқылы студенттер рухани және философиялық тұрғыдан өзіндік пайымдарын қалыптастырып, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Adyrna.kz. Әдебиет сабағында қолданылған қызықты әдістер. adyrna.kz/post/148071 [Қаралған күні: 17.02.2024].

[2] Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

[3] Сабирова Д.А. Қазақстан әдебиетіндегі отбасы көркем бейнесі: типологиясы және оқыту тәсілдері [Электрон. ресурс]. – 2016. nabr.kz [қаралған күні: 17.02.2024].

[4] Симбаева С. Оқу барысында қолданылатын тәсілдер мен тәжірибелер жинағы. – Астана: Тұран-Астана университетінің баспаханасы, 2019. – 133 б. daryn.online/article/2207 [Қаралған күні: 17.02.2024].

[5] Әбдіқалық К., Әрінова Б., Алиева Ж., Ермахан А. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі Ж. Аймауытов мұрасының ықпалы. – 2021. bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz [қаралған күні: 18.02.2024].

[6] Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытуға қатысты ғылыми пайымдар. – Алматы: Республикалық баспа, 1997. – 152 б.

[7] Bye D., Pushkar D., Conway M. Motivation, Interest, and Positive Affect in Traditional and Nontraditional Undergraduate Students // *Adult Education Quarterly*. – 2007. – № 57(2). – Б. 141-158.

[8] Kitap.kz. Автор парақшасы. kitap.kz/author/639 [қаралған күні: 17.02.2024].

[9] Adebiportal.kz. Автор парақшасы. adebiportal.kz [қаралған күні: 17.02.2024].

[10] Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту тәсілдері. – Алматы: Республикалық баспа, 1997. – 152 б.

[11] Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014. – 360 б.

[12] Kassymbekova G., Baigunova D.M., Tukhmarova Sh., Sargazin Zh. Creative competence enhancement process among students // *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL Pedagogical Sciences*. – 2024. – № 1 (72). – Б. 265–271.

[13] Daryn.online. Оқу әдістері туралы мақала. daryn.online/article/2207 [қаралған күні: 17.02.2024].

[14] Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар: PhD диссертациясы. – Алматы, 2020. – 163 б.

[15] Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқуға арналған ғылыми бағыттар. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 242 б.

REFERENCES

[1] Adyrna.kz. Ädebiet sabağında qoldanılğan qızıqtı ädister [Interesting methods used in literature lessons]. adyrna.kz/post/148071 [accessed: 17.02.2024]. [in Kaz.]

[2] Baytursinov A. Til tağılımı [Language training]. – Almatı: Ana tili, 1992. – 448 b. [in Kaz]

[3] Sabirova D.A. Qazaqstan ädebietindegi otbası körkem beynesı: tıpologıyası jäne oqıtw täsilderi [The artistic image of the family in Kazakh literature: typology and teaching methods] [Elektron. reswrs]. – 2016. nabr.kz [accessed: 17.02.2024]. [in Kaz.]

[4] Simbaeva S. Oqw barısında qoldanılattın täsilder men täjiribeler jınağı [Collection of methods and practices used in the process of learning]. – Astana: Turan-Astana wnıversitetiniñ baspaxanası, 2019. – 133 b. daryn.online/article/2207 [accessed: 17.02.2024]. [in Kaz.]

[5] Äbdiqalıq K., Ärinova B., Alieva J., Ermaxan A. Qazirgi qazaq äñgimelerindegi J. Aymawıtoı murasınıñ ıqpalı [The influence of Zh. Aimaıytoı's legacy in modern Kazakh stories] [Elektron. reswrs]. – 2021. bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz [accessed: 18.02.2024]. [in Kaz.]

[6] Bitibaeva Q. Ädebietti oqıtıwǵa qatıstı ğılımı payımdar [Scientific considerations regarding the teaching of literature]. – Almatı: Respwblıkalıq baspa, 1997. – 152 b. [in Kaz.]

[7] Bye D., Pushkar D., Conway M. Motivation, Interest, and Positive Affect in Traditional and Nontraditional Undergraduate Students // Adult Education Quarterly. – 2007. – № 57(2). – P. 141-158.

[8] Kitap.kz. Avtor paraqşası [Author's page]. kitap.kz/author/639 [accessed: 17.02.2024]. [in Kaz.]

[9] Adebiportal.kz. Avtor paraqşası [Author's page]. adebiportal.kz [accessed: 17.02.2024]. [in Kaz.]

[10] Bitibaeva Q. Qazaq ädebietin tereñdetip oqıtıw täsilderi [Methods of in-depth study of Kazakh literature]. – Almatı: Respwblıkalıq baspa, 1997. – 152 b. [in Kaz.]

[11] Böribekova F., Janatbekova N. Qazirgi zamanǵı pedagogikalıq texnologiyalar [Modern pedagogical technologies]. – Almatı, 2014. – 360 b. [in Kaz.]

[12] Kassymbekova G., Baıgunova D.M., Tuxmarova Sh., Sargazin Zh. Creative competence enhancement process among students // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL Pedagogical Sciences. – Abılay xan atındaǵı Xalıqaralıq qatınastar jáne álem tilderi wñversiteti. – 2024. – № 1 (72). – B. 265–271.

[13] Daryn.online. Oqw ädisteri twralı maqala [Article on reading methods]. daryn.online/article/2207 [accessed: 17.02.2024]. [in Kaz.]

[14] Xwdaybergenov N. Qazirgi qazaq prozasındaǵı jalpıadamdıq qundılıqtar [Universal values in modern Kazakh prose]: PhD dissertaciyası. – Almatı, 2020. – 163 b. [in Kaz.]

[15] Jumaqaeva B. Qazaq ädebietin oqwǵa arnalǵan ğılımı baǵıttar [Scientific directions for studying Kazakh literature]. – Almatı: Qızdar wñversiteti, 2015. – 242 b [in Kaz.]

ПСИХОЛОГИЯ ЧЕЛОВЕКА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ: НА ПРИМЕРЕ РАССКАЗОВ АЯГУЛЬ МАНТАЙ

* Мубарак Н.Е.¹, Кенжан А. М.²

^{*1,2}Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются подходы, широко применяемые в образовательном процессе филологических направлений вузов и доказавшие свою эффективность в литературоведении. В качестве

объекта исследования выбрана проза казахской литературы, особенно произведения женщин-писательниц периода независимости, изучаются их художественные поиски и творческие особенности. При анализе жанра прозы внимание уделяется новшествам в литературном процессе, а также тематико-содержательным характеристикам.

Современная литературоведческая база предполагает научный анализ жанра рассказа и выявление художественной концепции писателей. Цель статьи – раскрыть значение прозы женщин-писательниц периода независимости в литературном пространстве и определить направления развития современной казахской прозы через их произведения.

Научная значимость исследования заключается в выдвижении новых выводов на основе анализа прозаических текстов, а практическая ценность – в использовании результатов исследователями, магистрантами и докторантами.

Анализ особенностей и художественных черт творчества Аягуль Мантай позволяет проследить направления и жанрово-содержательные изменения современной казахской прозы.

Для раскрытия темы применялись теоретический и типологический анализ, историко-литературный подход, интерпретация. Тематический и художественный анализ рассказов автора помогает определить их место и значение в казахской прозе. Произведения Аягуль Мантай отражают пересечение быта и городской жизни казахского общества, выражаясь через творческую систему автора. Особенность прозаических текстов – достоверность и художественная целостность.

Статья важна новым взглядом на развитие казахской литературы через анализ художественной системы прозы писательницы. Выводы, основанные на литературном анализе, открывают новые направления в жанре рассказа. Результаты станут ценным источником для филологов и литературоведов, изучающих современную казахскую прозу.

Ключевые слова: художественное произведение, литературный анализ, научное исследование жанра рассказа, период независимости, Аягуль Мантай, художественные особенности, женщины-писатели, казахская проза

HUMAN PSYCHOLOGY IN CONTEMPORARY KAZAKH PROSE: BASED ON THE SHORT STORIES OF AYAGUL MANTAY

* Mubarak N.E.¹, Kenzhan A.²

*^{1,2}Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article explores widely adopted approaches used in the educational process of philological programs in higher education, which have proven effective in literary studies. The focus of the research is Kazakh prose,

particularly the works of women writers from the post-independence period. The study highlights their creative exploration and distinctive literary features. In analyzing the prose genre, special attention is paid to innovations in the literary process and thematic and structural characteristics of the texts.

Contemporary literary scholarship necessitates a scientific analysis of the short story genre and an investigation into the artistic vision of authors. The aim of this article is to uncover the literary significance of women's prose from the independence era and to identify the developmental trends in modern Kazakh prose through the examination of these works.

The scholarly value of the research lies in generating new insights based on the analysis of prose texts, while its practical relevance is evident in its usefulness to researchers, graduate students, and doctoral candidates. The study of Ayagul Mantai's literary features and narrative techniques reveals genre-specific and thematic shifts in contemporary Kazakh prose.

To achieve this, the research employs theoretical, typological, and historical-literary analysis, along with interpretation. The thematic and artistic examination of Mantai's short stories determines their place and contribution to Kazakh literature. Her works reflect the intersection of everyday life and urban experience, articulated through a cohesive and authentic artistic framework.

Keywords: literary work, literary analysis, scientific study of the short story genre, independence period, Ayagül Mantay, artistic features, women writers, Kazakh prose

Мақала түсті: 13 мамыр 2025

Авторлар туралы мәлімет:

Мубарак Назерке Елубекқызы – PhD докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: nazerke.96.sdu@gmail.ru

Кенжан Айсұлу Молынбайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. e-mail: Kenzhan.aiken@gmail.com

Сведения об авторах:

Мубарак Назерке Елубековна – PhD докторант, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: nazerke.96.sdu@gmail.com

Кенжан Айсұлу Молынбаевна – кандидат педагогических наук., и.о.ассоц.профессора, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: Kenzhan.aiken@gmail.com

Information about the authors:

Mubarak Nazerke– PhD student, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nazerke.96.sdu@gmail.com

Kenzhan Aisulu – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Kenzhan.aiken@gmail.com